

«Ақын - елдің ардақтысы» атты кездесу кеші

Автор: Administrator
15.11.2018 00:00 -



15 қараша күні С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында акын Асан Темір Каршығавлымен «Ақын –елдің ардақтысы» атты кездесу кеші өтті.

Максаты: акынның шығармашылығымен жастарды таныстыру, әдебиетті, қазақ поэзиясын насихаттау.

Шара барысында атыраулық акын Асан Темір өз қаламынан туындаған жырларын оқыды. Акын-Индира Кереева, зейнеткер- И.Х.Борібаев, кәсіпкер -К.Б.Рашид және тағыда басқа оқырмандар мен жас акындар жүрек жарды лебіздерін арнады.

Кездесу барысында акын өзінің өмірі, шығармашылығы жайлы сыр шертіп, жастармен ой бөлісті. Кешке қатысқан К.Жұбанов атындағы өңірлік мемлекеттік университетінің студенттері, мектеп оқушылары акынның өмірі шығармашылығы жайында көптеген сұрақтар қойып, түшымды жауап алды. Асан Темірдің «Ұлыма», «Пір Бекет ата», «Жетімдерге» тағыда басқа өлеңдері жыр сүйер жастардың орындауында оқылды. Тақырыпқа сай слайд көрсетілді. Шара сонында кітапхана директоры Г.Н.Калдина, акынға алғысын айтып, қатысушылар естелікке суретке түсті.

«Акын - елдин ардактысы» атты кездесу кеші

Автор: Administrator
15.11.2018 00:00 -

